

Сыртқы пішінге қойылатын талаптар

1. Оқушының сырт пішіні оқу үрдісінің мақсатына сай болуы тиіс. «№ 2 Өнер мектебі» ШЖҚ МКК –ны «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына сай (кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 бұйрығымен) талаптарды ұстанады.

Мектепке киіп келетін киім оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келетін классикалық стильде болғаны жөн.

2. Театр, хореография бөлімдерінің оқушыларында арнайы форма мен чешки болуы міндетті. (қара жейде, қара шалбар, қыздарда қара юбка болуы керек.)

3. Мектептегі емтихандарға ақ жейде, қара немесе қара көк шалбар, қыздар қара немесе қара көк юбка немесе концерттік бағдарламаға сай киініп келу керек.

4. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

Мәдени тәртіптің бірыңғай нормалары

1. Мектеп оқушылары, мұғалімдері, келушілер жалпы тәртіп ережелеріне сай өзара әдепті қарым-қатынаста болады.

2. Бір-біріне физикалық және моральды түрде күш көрсетуге тыйым салынады.

3. Мекемеде мұғалімдерге, қызметкерлерге, оқушыларға және ата-аналарға **тыйым салынады:**

а) қоршаған орта үшін қауіпті жағдай тудыратын кез-келген іс-әрекет жасауға;

ә) қарым-қатынасты анықтау үшін қорқыту, ақша талап етуге;

б) суық қару, ішприцтер, пиротехникалық заттар, ішімдік сусындар, нашакорлық заттарды әкелуге оны бір-біріне беруге немесе қолдануға;

в) дөрекі сөздерді қолдануға; қорқытуға;

г) ғимараттың ішінде темекі шегуге; насыбай атуға

ғ) мұғалімнің, ата-ананың мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз

мектепте аудио және видео түсірілімдер жасауға;

д) мектеп ішінде карта, азарттық ойындар ойнауға;

Жалпы ережелер

1. Оқушы сабақ кестесіне сәйкес сабаққа кешікпей келу керек.

2. Сабақтан себепсіз қалмау, ауырып қалған жағдайда күні бұрын пән мұғалімін ескерту керек.

3. Оқушы үй тапсырмасын уақытылы орындауы тиіс.

4. Әр оқушыда күнделік болуы қажет.